

## **Кедейлікпен және жұмыссыздықпен күрес жөніндегі 2000-2002 жылдарға арналған бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 31 шілде N 1164

"Кедейлікпен және жұмыссыздықпен күрес жөніндегі 2000-2002 жылдарға арналған бағдарлама туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 маусымдағы N 833 P000833\_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Кедейлікпен және жұмыссыздықпен күрес жөніндегі 2000-2002 жылдарға арналған бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары ( бұдан әрі - Іс-шаралардың жоспары) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдардың басшылары Іс-шаралардың жоспарын іске асыруды қамтамасыз етсін және тоқсан сайын Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірмей, оның орындалу барысы туралы ақпарат және Кедейлікпен және жұмыссыздықпен күрес жөніндегі 2000-2002 жылдарға арналған бағдарламаны іске асырудың барысы туралы талдамалық анықтама ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Үкіметіне Іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы жиынтық ақпарат және Кедейлікпен және жұмыссыздықпен күрес жөніндегі 2000-2002 жылдарға арналған бағдарламаны іске асырудың барысы туралы жиынтықты талдау баяндама ұ с ы н с ы н .

4. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5-күніне, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне Кедейлікпен және жұмыссыздықпен күрес жөніндегі аймақтық бағдарламалардың орындалу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің орынбасары Е.Ә. Өтембаевқа жүктелсін.

6. "Кедейлікпен және жұмыссыздықпен күрес жөніндегі 2000-2002 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 26 сәуірдегі N 635 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының



қосалқы шаруашылығын, әкімдері  
бағбандық және баубақшалық  
жұмыстарын жүргізуге  
арналған жер учаскелерін  
алуына жәрдемдесу

---

3 Атаулы ізгілік көмектерді: Үкіметке Облыстардың, -//-  
аз қамтамасыз етілген ақпарат Астана және  
азаматтарға (отбасыларға); Алматы  
мектептерге, балалар қалаларының  
үйлеріне, интернаттарға; әкімдері  
белгілі тұрағы жоқ адамдарға  
арналған әлеуметтік  
бейімделу орталықтарына  
бөлу жөніндегі жұмысты  
қамтамасыз ету

---

4 Аз қамтамасыз етілген Үкіметке Облыстардың, Тоқсан  
азаматтар (отбасылар) үшін: ақпарат Астана және сайын  
шаруашылық жүргізуші Алматы  
субъектілердің, қоғамдық қалаларының  
және конфессионалдық әкімдері  
ұйымдардың қайырмалдығы  
есебінен қайырымдылық  
түстік асын өткізуді;  
халықтан киім-кешектер  
мен аяқкиімдер қабылдау  
пункттерінің желісін  
ұйымдастыру

---

5 "Қазақстан Республикасындағы Заң жобасы ЕХҚМ 2000  
арнаулы мемлекеттік жәрдемақы жылдың  
туралы" Қазақстан III  
Республикасының Заңына тоқсаны  
өзгерістер енгізу

---

6 Репатрианттарды (оралмандарды) Бірлескен КДА, ЕХҚМ -//-  
жұмысқа орналастыру жөніндегі бұйрық  
іс-шаралар жоспарын әзірлеу

---

7	Зейнетақылар мен жәрдемақыларды дер уақытында төлеуді жүзеге асыру	Үкіметке ақпарат	ЕХҚМ, ҚарМ	Ай сайын
---	--	------------------	------------	----------

---

### 1.3. Еңбекке қабілетсіз адамдар

---

8	Мүгедектерді оңалту бағдарламасын әзірлеу жобасы	Үкімет қаулысының	ЕХҚМ III тоқсаны	2000 жылдың
---	--	-------------------	------------------	-------------

---

9	Мамандандырылған емдеу-алдын алу ұйымдары жанындағы емдеу-өндірістік шеберханаларында мүгедектердің еңбек терапиясын кеңейту жөніндегі іс-шараларды өткізу. Медициналық-әлеуметтік сараптау негізінде айқындалатын мүгедектерді медициналық, кәсіптік және әлеуметтік оңалту жүйесін жетілдіру	Үкіметке есеп	ДСА, ЕХҚМ IV тоқсаны	2000 жылдың
---	--	---------------	----------------------	-------------

---

10	Мүгедектерге арналған жаңа технологиялар бойынша протез-ортопедия бұйымдары мен техникалық құралдар шығаруды ұйымдастыру және протез-ортопедия саласына инвестициялар тарту мақсатында протез-ортопедия заводтарын 2000-2001 жылдары жекешелендірілуге жататын республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің тізбесіне енгізу туралы Қазақстан Республикасының	Үкімет қаулысының жобасы	ЕХҚМ II тоқсаны	2000 жылдың
----	--	--------------------------	-----------------	-------------

Үкіметіне ұсыныс енгізу\*

---

11 Қаңғыбастылықпен күрес жүргізу мақсатында белгілі тұрағы жоқ адамдарға арналған мемлекеттік мекемелер нысанындағы әлеуметтік бейімделу орталықтарын ашуды жалғастыру	Еңбекминіне Облыстардың, ақпарат Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2000-2001 жылдар
---	--	------------------

---

12 Белгіленген тәртіппен жасы он сегізге - кәмелетке толмаған адамдарды уақытша оқшаулау, бейімдеу және оңалту орталықтарын құру	Үкіметке есеп тардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	ИМ, облыс. -//-
--	---	-----------------

---

13 Аз қамтамасыз етілген отбасыларынан шыққан балаларды жалпы білім беру мектебінде оқыту кезеңінде Жалпыға бірдей міндетті орта білім беру қорының қаражаты есебінен күніне бір рет тегін тамақтандыруды қамтамасыз етуді ұйымдастыру	Үкіметке ақпарат тардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	БҒМ, облыс. Жыл сайын
--	--	-----------------------

---

#### 1.4. Кедейлік шегі және мемлекеттік әлеуметтік атаулы көмек

---

14 "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу**	Заң жобасы	ЕХҚМ жылдың ІІ тоқсаны	2000
--	------------	------------------------	------

---

#### 2. Жұмыссыздықпен күрес - кедейлікті жеңудің негізгі шарты

2.1. Жұмыссыздарды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу жөніндегі шаралар

2.2. Өнеркәсіпте жаңа жұмыс орындарын құру

---

15 Өндірістерді қалпына келтіруге және іске қосуға,	Үкіметке есеп тардың,	ЭИСМ, облыс. Тоқсан сайын
---	-----------------------	---------------------------

жұмыс орындарын сақтап  
калуға және құруға жәрдемдесу  
Астана және Алматы қала.  
ларының  
әкімдері

---

### 2.3. Ауыл шаруашылығы

---

16 Жұмыс істемей тұрған ауыл шаруашылығы құрамаларының қызметін қалпына келтіру, ішкі және сыртқы займдар мен шағын несиелерді игеру, ауылшаруашылық ақылы қызмет көрсетулер рыногын дамыту есебінен аграрлық секторда қосымша жұмыс орындарын құру

Үкіметке есеп тардың әкімдері АШМ, облыс. -//-

---

### 2.4. Шағын бизнес және кәсіпкерлік

---

17 Қолданылып жүрген келісім-шарттар бойынша облыстар бөлінісінде қосымша жұмыс орындарын және экономикалық қызмет түрлерін құру туралы

Үкіметке есеп СІМ ИК Тоқсан сайын

---

18 Инвесторлармен жасалған келісім-шарттардың жағдайларына сәйкес ішкі және сыртқы займдар есебінен Қазақстан Республикасының азаматтары үшін шағын және кәсіпкерлік саласында қосымша жұмыс орындарын құру және

Үкіметке есеп тардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері ИА, облыс. Тоқсан сайын

бұрыннан бар жұмыс орындарын  
сақтап қалу

---

3. Халықты жұмыспен қамтудың аймақтық саясаты

---

19 Отбасының еңбекке жарамды      Үкіметке      Облыстардың,      Жыл сайын  
жастағы жұмыс істейтін      ақпарат      Астана  
бірде бір мүшесі жоқ аз      және Алматы  
қамтылған отбасыларын,      қалаларының  
оларды одан әрі жұмысқа      әкімдері  
орналастыруға жәрдемдесу  
мақсатында есепке алуды  
ұйымдастыру

---

20 Кәсіптер және оқу-курсы      Еңбекминіне      Облыстардың,      2000  
желілері бойынша      ақпарат      Астана      жылдың  
аймақтық деректер банкін      және Алматы      IV  
құру      қалаларының      тоқсаны  
еңбек,  
жұмыспен  
қамту және  
халықты  
әлеуметтік  
қорғау  
басқармалары  
(департаменттері)

---

21 Ұйымдардағы бос жұмыс      Еңбекминіне      Облыстардың,      Ай сайын  
орны туралы деректер      ақпарат      Астана  
жинауды ұйымдастыру      және Алматы  
қалаларының  
еңбек,  
жұмыспен  
қамту және  
халықты  
әлеуметтік  
қорғау  
басқармалары  
(департаменттері)

---

22 Жұмыспен қамту мәселелері бойынша ақпараттық деректер базасын құру, жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдар мен еңбек рыногы жөніндегі республикалық деректер базасы арасында ақпараттар алмасуды ұйымдастыру, аумақтық органдарға жұмыспен қамту жөніндегі ақпараттық технологияларды енгізу

Нормативтік құқықтық кесімнің жобасы

ЕХҚМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері

2000 жылдың III тоқсаны

---

23 Мемлекеттік білім тапсырысы бойынша оқыған оқу бітірушілерді жұмысқа орналастыру жөнінде бағдарлама әзірлеу

Үкімет қаулысының жобасы

БҒМ, ЭқМ, ЕХҚМ, ИА

2000 жылдың IV тоқсаны

---

24 Қалалар мен аудандарда бос орындар мен бос жұмыс орындарының жәрмеңкелерін өткізуді ұйымдастыру

Үкіметке ақпарат

ЕХҚМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері

Тоқсан сайын

---

25 Жұмыссыздарды кәсіби оқытуды және қайта даярлауды ұйымдастыру

Еңбекминіне ақпарат

Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері

Тоқсан сайын

---

#### 4. Ішкі еңбек рыногын қорғау

---

26 Шетелдік жұмыс күшін Қазақстан Республикасына тарту және оны Қазақстан Республикасынан әкету

Нормативтік құқықтық кесімнің жобасы

ЕХҚМ

2000 жылдың III тоқсаны

---



жөніндегі қызметті  
лицензиялау жөніндегі  
жұмыс тәжірибесін қорыту

---

27	Республика аумағында жұмыс істеу үшін жұмыс берушілердің Қазақстан Республикасынан тыс жерлерден жалдайтын жұмыс күшін тартуға квота белгілеу	Үкімет қаулысының жобасы	ЕХҚМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Жыл сайын I тоқсанда
----	---	--------------------------	--	----------------------

---

#### 5. Шағын несиелер

---

28	Қазақстан Республикасының 2001-2003 жылдарға арналған шағын несиелендіру бағдарламасын әзірлеу	Үкімет қаулысының жобасы	ЕХҚМ, "Шағын несиелендіру бағдарламасын (келісім бойынша)	2000 жылдың III тоқсаны
----	--	--------------------------	---	-------------------------

---

#### 6. Қоғамдық жұмыстар

---

29	Жол салуды және жөндеуді, ағаш отырғызуды, аймақтардың инфрақұрылымын дамытуды басымдықты бағыттар ретінде көздей отырып, қоғамдық жұмыстардың түрлерін кеңейту	Үкіметке ақпарат	ЕХҚМ, КҚМ, ТОҚМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Тоқсан сайын
----	---	------------------	---	--------------

---

30	Жұмыспен қамтылмаған халықты қоғамдық жұмыстарға тартуды қамтамасыз ету	Үкіметке есеп	МХҚМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	-//-
----	---	---------------	--	------

---

#### 7. Бағдарламаны атқаруды құқықтық қамтамасыз ету

---

31	Республикада жұмыспен қамтудың бірыңғай мемлекеттік қызметін құру мақсатында "Мемлекеттік қызметті ұйымдастыру туралы" ХЕҰ 1948 жылғы N 88 Конвенциясын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу	Заң жобасы	ЕХҚМ жылдар	2001-2002
----	---	------------	-------------	-----------

---

32	Қазақстандық кадрларды даярлауды қамтамасыз ету жөніндегі жағдайларды шетелдік инвесторлармен келісім-шартқа енгізу мақсатында инвестициялық қызмет, жер қойнауын пайдалану мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу	Үкіметке ұсыныс енгізу	ЕХҚМ, ИА, ӘдМ жылдың IV тоқсаны	2000
----	--	------------------------	---------------------------------	------

---

33	"Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу мәселелері бойынша кейбір заңнамалық кесімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу	Заң жобасы	МСА, ЕХҚМ жылдың II тоқсаны	2000
----	---	------------	-----------------------------	------

---

\* Орындалды

\*\* Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілді

Оқығандар:  
Қобдалиева Н.М.  
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК